## 10. Акционердің алдындағы берешек

| | 30 маусым 2015 жыл (аудит жүргізілмеген) | 31 желтоқсан 2014 жыл |
|---|---|---|
| Акционерден алынған қарыздар | 103.051.696 | 97.164.180 |
| Төленуге жататын дивидендтер | 2.855.932 | – |
| Акционердің қарыздары бойынша пайыздардың берешегі | 938.047 | 587.257 |
| **Акционердің алдындағы берешек** | **106.845.675** | 97.751.437 |

2009 жылдың 18 мамырында Компания Акционермен № 35 қарыз туралы үлгі келісімді (бұдан әрі – «Келісім») жасады. Осы Келісімнің шарттарына сай Компанияға агроөнеркәсіптік секторда материалдық өндірісті құруға, кеңейтуге және түрлендіруге арналған іс-шаралар кешенін іске асыруға ұзақ мерзімді инвестициялық қарыз беріледі. Компания алынған қаражаттың шеңберінде ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды қаржыландырады. Инвестициялық қарыздың қолданылу мерзімі 2023 жылдың 30 желтоқсанына дейін. 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 8 қосымша келісімге сәйкес қаржыландыру лимиті 94.000.000 мың теңгеден 113.459.000 мың теңгеге дейін ұлғайды. 2015 жылғы 30 маусымға қолжетімді қаражаттың сомасы 8.385.896 мың теңге болды, пайыздар жылдық 1,02% номиналды мөлшерлемесі бойынша есептеледі. 2015 жылғы 30 маусымға негізгі борыштың қалдығын 83.611.692 мың теңге құрайды. (2014 жылғы 31 желтоқсан: 75.372.129 мың теңге).

2013 жылғы 23 маусымда Компания мен Акционердің арасында 3-7 жыл мерзімге және жылдық 5,8% пайыздық мөлшерлемемен 30.363.131 мың теңге сомасына № 63 қарыз туралы үлгі келісім жасалды. 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша осы Шарттың шеңберінде негізгі борыштың қалдығы 27.421.255 мың теңге болды. (2014 жылғы 31 желтоқсан: 28.984.019 мың теңге).

2014 жылғы 23 қыркүйекте Компания мен Акционердің арасында 9 жыл мерзімге және оның мемлекет тарапынан субсидиялауымен жылдық 10% пайыздық мөлшерлемемен 14.272.998 мың теңгеге дейінгі сомаға қарыз алуға арналған № 113 Қарыз туралы негіздемелік келісім жасалды, оның жылдық 7%-ы мемлекет тарапынан субсидияланады және жылдық 3%-ын Компания төлейді. 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша осы Шарттың шеңберінде негізгі борыштың қалдығы 1.211.691 мың теңге болды. (2014 жылғы 31 желтоқсан: 1.258.422 мың теңге).

*(мың теңгемен)*

## 10. Акционердің алдындағы берешек (жалғасы)

2014 жылғы 1 қазанда Компания мен Акционердің арасында 7 жыл мерзімге және жылдық 1,02% пайыздық мөлшерлемемен 6.189.000 мың теңге сомасына № 118 Қарыз шарты жасалды. 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша осы Шарттың шеңберінде негізгі борыштың қалдығы 6.189.000 мың теңге болды. 2014 жылы бастапқы мойында кезіндегі дисконт 1.381.725 мың теңгені құрады.

2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның Акционермен жасалған шарттары бойынша қаржылық ковенанттарды орындау бойынша міндеттемелері болмады. Акционердің алдындағы берешек кепілді мүлікпен қамтамасыз етілмеген.

## 11. Кредиттік ұйымдардың қаражаты

| | *30 маусым 2015 жыл (аудит жүргізілмеген)* | *31 желтоқсан 2014 жыл* |
|---|---|---|
| Банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар | **26.305.423** | 24.059.367 |
| Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар бойынша сыйақы күйінде есептелген шығыстар | **251.376** | 277.311 |
| **Кредиттік ұйымдардың қаражаты** | **26.556.799** | 24.336.678 |

Кредиттік ұйымдардың қаражатына мыналар кіреді:

| | *Валюта* | *Өтеу күні* | *Пайыздық мөлшерлеме* | *30 маусым 2015 (аудит жасалған жоқ)* | *2014 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|---|---|---|
| Ислам Даму Банкі | АҚШ Доллары | 2020 жылғы 21 қыркүйек | 6% | **5.171.511** | 5.434.918 |
| Сосиете Дженераль Банк (Канада) | АҚШ Доллары | 2020 жылғы 20 мамыр | 6 ай ЛИБОР + 1,5% | **4.565.644** | – |
| Ресей Жинақ банкі ЕБ АҚ | Теңге | 2015 жылғы 6 қараша | 8% | **2.733.000** | 5.043.800 |
| Deere Credit, Inc. | АҚШ Доллары | 2018 жылғы 15 қараша | 5,9% | **2.279.745** | 2.601.648 |
| Deere Credit, Inc. | АҚШ Доллары | 2018 жылғы 15 наурыз | ЛИБОР + 2,3% | **1.086.107** | 1.240.760 |
| Deere Credit, Inc. | АҚШ Доллары | 2019 жылғы 20 қараша | 5,6% | **1.869.871** | 2.034.658 |
| Altyn Bank АҚ | АҚШ Доллары | 2016 жылғы 8 сәуір | 5,5% | **1.860.682** | – |
| «Еуразия даму банкі» АҚ | Теңге | 2018 жылғы 6 маусым | 7,5% | **1.832.254** | 2.138.071 |
| «Еуразия даму банкі» АҚ | Теңге | 2019 жылғы 11 наурыз | 9,0% | **1.497.426** | 1.684.604 |
| Ландесбанк Берлин А.Г. | Еуро | 2016 жылғы 28 тамыз | 6 ай ЕВРИБОР + 1% + Қаржыландыруға арналған спред | **137.796** | 196.188 |
| Ландесбанк Берлин А.Г. | Еуро | 2019 жылғы 29 желтоқсан | 6 ай ЕВРИБОР + 1,35% | **1.269.989** | 1.511.628 |
| Ландесбанк Берлин А.Г. | Еуро | 2015 жылғы 16 мамыр | 6 ай ЕВРИБОР + 0,35% | **–** | 71.852 |
| ГазПромБанк ААҚ | АҚШ Доллары | 2019 жылғы 30 сәуір | 4,3% | **771.447** | 850.625 |
| «Россельхозбанк» АҚ | АҚШ Доллары | 2018 жылғы 24 мамыр | 4,9% | **609.078** | 698.645 |
| «Россельхозбанк» АҚ | АҚШ Доллары | 2019 жылғы 24 сәуір | 4,9% | **433.832** | 256.298 |
| CNH International SA | АҚШ Доллары | 2018 жылғы 2 маусым | 6% | **363.417** | 415.229 |
| HSBC Банк (Германия) | Еуро | 2015 жылғы 20 шілде | 6 ай ЕВРИБОР+0,17% | **75.000** | 157.754 |
| **Кредиттік ұйымдардың қаражаты** | | | | **26.556.799** | 24.336.678 |

*(мың теңгемен)*

## 11. Кредиттік ұйымдардың қаражаты (жалғасы)

*Шектейтін қаржы шарттары*

Шетелдік банктердің қарыз шарттарының талаптарына сәйкес Компания белгілі бір қаржы коэффициенттерін сақтауға міндетті. Еуразиялық Даму Банкімен жасалған шарт бойынша Компания қарыз қаражаты мен меншікті капитал арасындағы белгілі бір ара қатынасты, сондай-ақ пайыздық шығыстар бойынша өтеу коэффициентін сақтауға міндетті. 2015 жылдың 30 маусымына және 2014 жылдың 31 желтоқсанына Компания осы банкпен жасалған шарттар бойынша шектейтін қаржы көрсеткіштерін орындау талаптарын сақтайды. Сондай-ақ Сосиете Дженераль-мен жасалған экспорттық-кредиттік келісімнің шеңберінде Компания қарыз қаражаты мен меншікті капитал арасындағы белгілі бір ара қатынасты, сондай-ақ сыйақы бойынша өтеу коэффициентін сақтауға міндетті. 2015 жылдың 30 маусымына Компания осы банкпен жасалған келісім бойынша шектейтін қаржы көрсеткіштерін орындау талаптарын сақтайды.

*Кредиттік желілер*

2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Россельхозбанк» ААҚ-мен 2014 жылғы 24 сәуірдегі Аккредитивті ашу туралы келісімнің шеңберінде Компания 1.209 мың АҚШ доллары сомасында қаражатты игерді. 2015 жылғы 30 маусымға осы Келісім бойынша негізгі борыштың қалдығын 2.364 мың теңге құрайды.

Сондай-ақ Компанияның «Сбербанк» ЕБ АҚ-нан 2012 жылғы 25 желтоқсандағы 5.000.000 мың теңге жалпы сомаға қолданыстағы қысқа мерзімді жаңартылатын кредиттік желісі бар, әрі соның шеңберінде 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізгі борыштың қалдығы 2.700.000 мың теңгені құрайды.

Компания «Altyn Bank» АҚ-мен 1 жыл мерзімге 10.000 мың АҚШ доллары сомасына, жылдық 5,5% пайыздық мөлшерлемемен 2015 жылғы 7 сәуірдегі Қаржыландыруды беру туралы үлгі келісімді жасады, әрі соның шеңберінде 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізгі борыштың қалдығын 10.000 мың АҚШ долларын құрады.

Компания Societe Generale (Paris) 5 жыл мерзімге 25.720 мың АҚШ доллары сомасына, 6 ай Либор + жылдық 3% пайыздық мөлшерлемемен 2015 жылғы 20 мамырдағы Экспорттық-кредиттік келісімді жасады, әрі соның шеңберінде 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізгі борыштың қалдығын 25.720 мың АҚШ долларын құрады.

## 12. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

2014 жылғы тамызда-қыркүйекте Компания жергілікті нарықта 8,5 жыл мерзімге және жылдық 8% номиналды пайыздық мөлшерлемемен 17.000.000 мың теңге сомаға облигацияларды шығарды.

Компания есептелген сыйақыны, сыйлықақыны ескере отырып айналысқа шығарылған бағалы қағаздарды (облигацияларды) көрсетеді және бұл бағалы қағаздар бойынша дисконт сомасын түзетеді.

| | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 31 желтоқсан 2014 жыл |
|---|---|---|
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | **16.962.500** | 16.962.500 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконт | **(911.224)** | (952.997) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы | **621.958** | 621.958 |
| **Шығарылған борыштық бағалы қағаздар жиыны** | **16.673.234** | 16.631.461 |

## 13. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу келесі баптардан тұрады:

| | 2015 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай үшін (аудит жүргізілмеген) | 30 маусым 2014 жыл (аудит жүргізілмеген) |
|---|---|---|
| Салық бойынша шығыс – ағымдағы бөлік | **–** | 34.427 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс – уақыт айырмаларының туындауы және азаюы | **143.386** | 257.618 |
| Мыналарды шегере отырып: капиталда танылған кейінге қалдырылған салықты | **(405.618)** | (352.512) |
| **Пайда салығы бойынша үнемдеу** | **(262.232)** | (60.467) |

*(мың теңгемен)*

## 14. Алынған аванстар

2015 жылдың 30 маусымына 5.841.173 мың теңге (2014 жыл: 3.421.569 мың теңге) мөлшерінде алынған аванстар клиенттер несие шарттарының немесе қаржылық жалдаудың талаптары бойынша сатып алған, бірақ жалға алушыға берілмеген, қаржылық жалға арналған мүлік үшін жасаған алдын ала төлемді білдіреді.

## 15. Басқа да міндеттемелер

Басқа да міндеттемелерге келесі позициялар кіреді:

| | *30 маусым 2015 жыл (аудит жүргізілмеген)* | *31 желтоқсан 2014 жыл* |
|---|---|---|
| Өнім жеткізушілерге кредиторлық берешек | **5.243.904** | 6.901.867 |
| Болашақ кезеңдердің пайыздық кірістері | **1.887.863** | 1.152.741 |
| Қызметкерлерге берешек | **347.431** | 275.689 |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа төленуге жататын салықтар | **80.892** | 122.569 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | **241.420** | 185.287 |
| **Басқа да міндеттемелер** | **7.801.510** | 8.638.153 |

## 16. Капитал

Төменде шығарылған, толығымен төленген және айналыстағы акциялар туралы деректер келтіріледі.

| | *Орналастыру бағасы (теңге)* | *Акциялардың саны* | *Жиыны (мың теңге)* |
|---|---|---|---|
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | 1.000 | 80.883.511 | 80.883.511 |
| Жарғылық капиталды ұлғайту (аудит жүргізілмеген) | | – | – |
| **2014 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | | 80.883.511 | 80.883.511 |
| **2014 жылдың 31 желтоқсанына** | 1.000 | 82.837.204 | 82.837.204 |
| Жарғылық капиталды ұлғайту (аудит жүргізілмеген) | **1.000** | **–** | **–** |
| **2015 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | | **82.837.204** | **82.837.204** |

2014 жылдың 31 желтоқсанына және 2015 жылдың 30 маусымына 1.000 теңге орналастыру бағасы бойынша жарияланған және төленген жай акциялардың жалпы саны 82.837.191 дана болды.

2015 жылдың 30 маусымына және 2014 жылдың 31 желтоқсанына бір жай акция иесінің бір дауысы және дивидендтерді алуға тең құқығы болды. Бөлінуге жататын табыс Компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген табыстың негізінде айқындалады. Артықшылықты акциялар жоқ.

2015 жылдың 30 сәуірінде өткен Акционердің жалпы жиналысында Компания 2014 жыл үшін жай акциялар бойынша 2.855.932 мың теңге немесе акция үшін 34,48 теңге мөлшерінде дивидендтерді жария етті. 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша дивидендтер төленбеді.

Компанияның ережесіне сай резервтік капитал, келешек шығындарды және басқа да көзделмеген тәуекелдер мен міндеттемелерді қоса алғанда, жалпы тәуекелдер үшін қалыптасады. Резервтік капитал акционердің жалпы жиналыстағы шешімінің негізінде бөлінуі тиіс. 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында резервтік капитал өзгерген жоқ. Осылайша 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша резервтік капитал 1.436.184 мың теңгені құрады.

*(мың теңгемен)*

## 16. Капитал (жалғасы)

Резервтердегі өзгерістер былайша көрсетілген:

| | *Қосымша төленген капитал* | *Шартты бөлу резерві* |
|---|---|---|
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | 12.597.918 | (6.525.798) |
| Шартты бөлу резерві (аудит жүргізілмеген) | – | (531.944) |
| Шартты бөлу бойынша резервке салық әсері (аудит жүргізілмеген) | – | 106.389 |
| Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған кредиттер бойынша кірістердің бастапқы мойындалуы (аудит жүргізілмеген) | 2.294.503 | – |
| Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған кредиттер бойынша кірістердің бастапқы мойындалуынан болған салық әсері (аудит жүргізілмеген) | (458.901) | – |
| **2014 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | 14.433.520 | (6.951.353) |
| | | |
| **2014 жылдың 31 желтоқсанына** | 18.786.572 | (7.885.776) |
| Шартты бөлу резерві (аудит жүргізілмеген) | – | **(545.683)** |
| Шартты бөлу бойынша резервке салық әсері (аудит жүргізілмеген) | – | **109.137** |
| Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған кредиттер бойынша кірістердің бастапқы мойындалуы (аудит жүргізілмеген) | **2.573.774** | – |
| Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған кредиттер бойынша кірістердің бастапқы мойындалуынан болған салық әсері (аудит жүргізілмеген) | **(514.755)** | – |
| **2015 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **20.845.591** | **(8.322.322)** |

2015 жылдың 30 маусымына Қазақстанның қор биржасының әдістемесіне сай есептелген бір жай акцияның баланстық құны 1.230 теңгені (2014 жыл: 1.224 теңге) құрайды.

Бір акцияның баланстық құнын есептеу:

| | *30 маусымға 2015 жыл (аудит жасалмаған)* | *31 желтоқсанда 2014 жыл* |
|---|---|---|
| Активтер | **270.254.710** | 256.437.027 |
| Материалдық емес активтер | **(161.461)** | (182.528) |
| Міндеттемелер | **(168.190.139)** | (154.875.258) |
| Таза активтер | **101.903.110** | 101.379.241 |
| | | |
| **Есептеу күніне жай акциялардың саны, дана** | **82.837.204** | 82.837.204 |
| **Акциялардың теңгемен баланстық құны** | **1.230** | 1.224 |

## 17. Резервтерді құрудан және құнсызданудан болған басқа да шығыстар

Төменде құнсыздану резервінің және басқа да резервтердің қозғалысы көрсетілген:

| | *Қаржылық жалға арналған мүлік* | *Аванстар берілген* | *Басқасы активтер* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | 846.196 | 45.467 | 391.039 | 1.282.702 |
| Құру | 252.244 | 37.400 | 40.866 | 330.510 |
| Активтерді есептен шығару | (428.279) | – | – | (428.279) |
| **2014 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | 670.161 | 82.867 | 431.905 | 1.184.933 |
| | | | | |
| **2014 жылдың 31 желтоқсанына** | 620.306 | 116.529 | 409.786 | 1.146.621 |
| Құру | – | **172.008** | **40.525** | **212.533** |
| Есептен шығару | **(39.987)** | – | – | **(39.987)** |
| **2015 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **580.319** | **288.537** | **450.311** | **1.319.167** |

*(мың теңгемен)*

## 18. Шарттық және шартты міндеттемелер

**Қызметті жүргізу шарттары және экономикалық шарттар**

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көпшілік жағдайларда осы реформалардың барысына, сондай-ақ Үкіметтің экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында қолданатын шараларының тиімділігіне тәуелді. Компанияның басшылығы осындай жағдайларда Корпорацияның экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша барлық қажетті шараларды қолға алып отыр деп санайды. Дегенмен жоғарыда сипатталған салалардағы жағдайдың одан әрі нашарлауы Компанияның нәтижелеріне және оның қаржылық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі кезде бұл әсердің қандай болатынын айқындау қиын.

Сондай-ақ, заемшыларға өтімділіктің нашарлауы ықпал етуі мүмкін, әрі бұл өз кезегінде олардың Компания алдындағы берешек сомасын өтеу кабілетіне әсер етеді. Компанияның басшылығы осындай жағдайларда Корпорацияның экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша барлық қажетті шараларды қолға алып отыр деп санайды. Дегенмен жоғарыда сипатталған салалардағы жағдайдың одан әрі нашарлауы Компанияның нәтижелеріне және оның қаржылық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.

Әлемдік қаржы дағдарысы қазақстандық экономикаға әсерін тигізді. Қалпына келтірудің бірқатар көрсеткіштеріне қарамастан, бұрынғыдай экономикалық өсімнің келешегіне, капитал көздеріне қол жеткізуге және капиталдың құнына қатысты белгісіздік бар, бұл Компанияның келешек қаржылық жағдайына, оның қызметінің нәтижелеріне және экономикалық перспективаларға теріс әсер етуі мүмкін.

**Салық салу**

Қазақстандық коммерциялық және атап айтқанда, салық заңнамасында түсінік берілуі өзгеріп отыруы мүмкін ережелер бар, жекелеген жағдайларда заңнамаға жанама түрдегі ретроспективті әрекеті бар өзгерістер енгізілуі мүмкін. Сонымен бірге, Компания басшылығының заңнама ережелерін түсінуі осы ережелерді салық органдарының түсінуінен ерекшеленуі мүмкін және нәтижесінде Компания жүргізген операцияларды салық органдары өзгеше бағалауы мүмкін және бұл қосымша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың есептелуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Компания басшылығы барлық қажетті салық аударымдары жасалды және тиісінше, есептілікте қандай да бір резервтер есептелген жоқ деп есептейді. Салық органдары соңғы бес жыл үшін салық салу бойынша деректерді тексеруі мүмкін.

**Пайдаланылмаған кредит желілері мен кепілдіктер**

2015 жылдың 30 маусымына және 2014 жылдың 31 желтоқсанына Компанияның шарттық және шартты міндеттемелеріне келесі позициялар кірді:

| | *30 маусым 2015 жыл (аудит жүргізілмеген)* | *31 желтоқсан 2014 жыл* |
|---|---|---|
| **Кредит сипатындағы міндеттемелер** | | |
| Пайдаланылмаған несие желілері | **20.043.756** | 38.959.378 |
| Берілген кепілдіктер | **1.669.132** | 1.754.939 |
| **Жиыны** | **21.712.888** | 40.714.317 |

2011 жылғы 16 маусымда Компания қарызды беру туралы келісім бойынша «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның ақшалай міндеттемелерін қамтамасыз ететін Ислам Даму Банкімен 6.661.130 ислам динары сомасына қаржылық кепілдікті беру туралы шартты жасады. Бұл кепілдік ҚазАгроның қарсы кепілдігімен қамтамасыз етілген. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-нан алынған қарыздың жалпы сомасы 2015 жылдың 30 маусымына 8.964 мың АҚШ долларын немесе 1.669.132 мың теңгені құрады.

*(мың теңгемен)*

## 19. Қаржы құралдарының әділ құны

Компания қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпаратты анықтау және жариялау үшін бағалау әдістерінің мынадай иерархиялық құрылымын пайдаланады:

- 1-деңгей: сәйкес активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы баға белгілеулер (түзетілмеген);
- 2-деңгей: бүкіл бастапқы дерек нарықта байқалатын ақпаратқа тікелей немесе жанама негізделетін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бағалау моделі;
- 3-деңгей: нарықта байқалатын ақпаратқа негізделмейтін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бүкіл бастапқы деректі пайдаланатын бағалау моделі.

Келесі кестеде әділ құн көздері иерархиясының деңгейлері бөлігіндегі әділ құны бойынша есептілікте берілген қаржы құралдарының сараптамасы берілді:

| *2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)* | *1-деңгей* | *2-деңгей* | *3-деңгей* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері** | | | | |
| Туынды қаржы активтері | – | – | 360.702 | 360.702 |
| **Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің жиыны** | – | – | 360.702 | 360.702 |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер** | | | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 16.255.921 | – | – | 16.255.921 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | – | 4.842.580 | – | 4.842.580 |
| Клиенттерге берілетін кредиттер | – | – | 48.275.875 | 48.275.875 |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек | – | – | 154.110.482 | 154.110.482 |
| Басқа да активтер | – | – | 200.589 | 200.589 |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржы активтерінің жиыны** | 16.255.921 | 4.842.580 | 202.586.946 | 223.685.447 |
| Акционердің алдындағы берешек | – | – | 105.959.266 | 105.959.266 |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | – | – | 26.869.785 | 26.869.785 |
| Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар | 19.971.316 | – | – | 19.971.316 |
| Басқа да міндеттемелер | – | – | 7.142.598 | 7.142.598 |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелердің жиыны** | 19.971.316 | – | 139.971.649 | 159.942.965 |

| *2014 жылғы 31 желтоқсан* | *1-деңгей* | *2-деңгей* | *3-деңгей* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері** | | | | |
| Туынды қаржы активтері | – | – | 468.834 | 468.834 |
| **Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің жиыны** | – | – | 468.834 | 468.834 |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер** | | | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 23.525.825 | – | – | 23.525.825 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | – | 4.043.957 | – | 4.043.957 |
| Клиенттерге берілетін кредиттер | – | – | 54.968.984 | 54.968.984 |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек | – | – | 151.045.485 | 151.045.485 |
| Басқа да активтер | – | – | 251.484 | 251.484 |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржы активтерінің жиыны** | 23.525.825 | 4.043.957 | 206.265.953 | 233.835.735 |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелер** | | | | |
| Акционердің алдындағы берешек | – | – | 86.483.872 | 86.483.872 |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | – | – | 22.921.818 | 22.921.818 |
| Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар | 15.494.741 | – | – | 15.494.741 |
| Басқа да міндеттемелер | – | – | 8.055.698 | 8.055.698 |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелердің жиыны** | 15.494.741 | – | 117.461.388 | 132.956.129 |

*(мың теңгемен)*

## 19. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

Төменде бағалау әдістемелерінің көмегімен әділ құны бойынша бейнеленетін қаржы құралдарының әділ құнын анықтаудың сипаттамасы келтірілді. Оларға құралдардың құнын анықтау кезінде нарық қатысушысы пайдалана алатын мүмкіндіктерге Компания берген бағалаулар кіреді.

*Туынды құралдар*

Құны бағалау әдістерінің көмегімен айқындалатын туынды құралдар, әрі олардың бастапқы деректері нарықта байқалып отыр. Ендірілген туынды құралдар бойынша жорамалдар құралдың ерекше сипаттамаларымен түзетілген нарықтық мөлшерлемелердің негізінде жасалды. Компания өзінің қаржы құралдарын бағалау үшін Black-Scholes моделін пайдаланады және бағалау моделі (тәуекелі жоқ мөлшерлемелер мен волатильділік коэффициенттері сияқты) Bloomberg айналатын соған ұқсас сипаттамалары бар қаржылық құралдардың негізінде айқындалады.

*Қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы құралдары*

Төменде аралық қысқартылған қаржылық есептілікте көрсетілген Компанияның қаржы құралдарының баланстық және әділ құнының салыстыруы көрсетілген.

| | Баланстық құн 30 маусым 2015 жыл (аудит жүргізілмеген) | Әділ құн 30 маусым 2015 жыл (аудит жүргізілмеген) | Танылмаған кіріс/(шығын) 30 маусым 2015 жыл (аудит жүргізілмеген) | Баланстық құн 31 желтоқсан 2014 жыл | Әділ құн 31 желтоқсан 2014 жыл | Мойындалмаған кіріс/(шығыс) 31 желтоқсан 2014 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржы активтері** | | | | | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | **16.255.921** | **16.255.921** | **–** | 23.525.825 | 23.525.825 | – |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | **4.842.580** | **4.842.580** | **–** | 4.043.957 | 4.043.957 | – |
| Клиенттерге берілетін кредиттер | **57.537.177** | **48.275.875** | **(9.261.302)** | 53.044.703 | 54.968.984 | 1.924.281 |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек | **164.082.223** | **154.110.482** | **(9.971.741)** | 155.525.718 | 151.045.485 | (4.480.233) |
| Басқа да активтер | **200.589** | **200.589** | **–** | 251.484 | 251.484 | – |
| | **242.918.490** | **223.685.447** | **(19.233.043)** | 236.391.687 | 233.835.735 | (2.555.952) |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | | |
| Акционердің алдындағы берешек | **106.845.675** | **105.959.266** | **886.409** | 97.751.437 | 86.483.872 | 11.267.565 |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | **26.556.799** | **26.869.785** | **(312.986)** | 24.336.678 | 22.921.818 | 1.414.860 |
| Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар | **16.673.234** | **19.971.316** | **(3.298.082)** | 16.631.461 | 15.494.741 | 1.136.720 |
| Басқа да міндеттемелер | **7.142.598** | **7.142.598** | **–** | 8.005.698 | 8.005.698 | – |
| | **157.218.306** | **159.942.965** | **(2.724.659)** | 146.725.274 | 132.906.129 | 13.819.145 |
| **Іске асырылмаған әділ құндағы танылмаған өзгерістер жиыны** | | | **(21.957.702)** | | | 11.263.193 |

## 20. Байланысты тараптармен операциялар

24 ХҚЕС (IAS) *«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу»* сәйкес, тараптардың бірінің екіншінің қаржылық және операциялық шешімдеріне елеулі әсер ету немесе бақылау мүмкіндігі бар тараптар байланысты деп саналады. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланыспаған тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелер жасауы мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланыспаған тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен талаптарынан ерекшеленуі мүмкін.

*Мемлекетпен байланысты кәсіпорындармен операциялар (Акционермен операциялардан басқа)*

Қазақстан Республикасы, Қаржы министрлігінің аясында Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлкеттік комитет арқылы Компанияның қызметін бақылап, оған айтарлықтай ықпал етеді.

*(мың теңгемен)*

## 20. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

*Мемлекетпен байланысты кәсіпорындармен операциялар (Акционермен операциялардан басқа) (жалғасы)*

Қазақстан Республикасы мемлекеттік агенттіктер мен басқа да ұйымдар арқылы тікелей немесе жанама түрде кәсіпорындардың едәуір санына (бірлесіп «мемлекетпен байланысты кәсіпорындар» деп аталады) айтарлықтай ықпал етеді. Компания мұндай кәсіпорындармен кредиттерді тарту және ақша қаражатын орналастыру сияқты банк операцияларын жасайды.

*Мемлекетпен байланысты емес кәсіпорындармен операциялар, оның ішінде акционермен операциялар*

Байланысты тараптармен операциялар көлемі, жыл соңындағы сальдо, сондай-ақ бір жылғы шығыстар мен кірістердің тиісті сомалары төменде көрсетілген:

| | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | | | 2014 жылғы 31 желтоқсан | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Акционер | Жалпы бақылау астындағы Компания-лар | Басқасы Байланыс-ты тараптар | Акционер | Жалпы бақылау астындағы Компания-лар | Басқасы Байланыс-ты тараптар |
| **Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек** | – | 197.618 | – | – | 466.063 | – |
| Қаржылық жал бойынша пайыздық кірістер | – | 14.523 | – | – | 12.494 | – |
| Мыналарды шегере отырып: құнсыздану резервін | – | – | – | – | (156.142) | – |
| **Резервті шегере отырып қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек** | – | 212.141 | – | – | 322.415 | – |
| Алынған кредиттер | 103.051.696 | – | – | 97.164.180 | – | – |
| Кредиттер бойынша есептелген пайыздық шығыстар | 938.047 | – | – | 587.257 | – | – |
| Дивидендтер | 2.855.932 | – | – | – | – | – |

| | 2015 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай үшін (аудит жүргізілмеген) | | | 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай үшін(аудит жүргізілмеген) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Акционер | Жалпы бақылау астындағы Компания-лар | Өзге байла-нысқан тараптар | Акционер | Жалпы бақылау астындағы Компания-лар | Өзге байла-нысқан тараптар |
| Клиенттердің кредиттері бойынша пайыздық кірістер | – | – | – | – | 1.811 | – |
| Несиелердің құнсыздану резерві | – | – | – | – | (3.418) | – |
| Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешектің пайыздық кіріс | – | 24.641 | – | – | 10.907 | – |
| Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешектің құнсыздану резерві | – | - | – | – | 6.100 | – |
| Пайыздық шығыс | 3.077.902 | – | – | 2.437.485 | – | – |
| Басқа да шығыс | – | 2.849 | – | – | 4.865 | – |

Басқа байланысты тараптарға берілген карыздар мен қаржылық жалдау бойынша пайыздық мөлшерлемелердің мөлшері 4% дан 13% ға дейін түрленеді, кредиттеу мерзімі 4 жылдан 7 жылға дейін түрленеді.

*(мың теңгемен)*

## 20. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

*Мемлекетпен байланысты емес кәсіпорындармен операциялар, оның ішінде акционермен операциялар (жалғасы)*

4 адамнан (2014 жыл 30 маусым: 7 адам) тұратын негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақыға келесі позициялар кіреді:

| | ***30 маусымда аяқталған алты ай үшін 2015 жыл (аудит жүргізілмеген)*** | ***30 маусымда аяқталған алты ай үшін 2014 жыл (аудит жүргізілмеген)*** |
|---|---|---|
| Жалақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер | **33.446** | 36.765 |
| Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар | **3.392** | 3.520 |
| **Негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақының жиыны** | **36.838** | 40.285 |

## 21. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2015 жылғы 17 шілдеде Компания жергілікті нарықта 7 жыл мерзімге және жылдық 8,5% номиналды пайыздық мөлшерлемемен 7.000.000 мың теңге сомаға облигацияларды шығарды.

2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі валюталық дәлізден бас тартуға және теңгенің еркін өзгермелі бағамына көшуіне негізделген жаңа ақша-несие саясатын іске асыруы туралы жария етті. Соның нәтижесінде теңге АҚШ долларына және басқа да негізгі валюталарға қатысты құнсызданды. Үкіметтің жария етуіне дейінгі және кейінгі айырбас бағамдары тиісінше 1 АҚШ доллары үшін 188,38 теңге және 1 АҚШ доллары үшін 255,26 теңге болды.